

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2024 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтама

Шымкент қ.

05.07.2024 жыл

Кіріспе бөлім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы;

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорны) басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Кәсіпорны басшысының 2024 жылғы 02 маусымдағы № 133-н/қ бұйрығы.

2. Ішкі талдауды жүргізетін жұмысшы топ құрамы:

Топтың төрағасы – Кәсіпорны басшының стратегиялық даму ісі жөніндегі орынбасары Сарыбай С.М.;

Топтың мүшесі –Кәсіпорнының кәсіподақ ұйымының төрағасы Байтөре Ғ.П.;

Топтың мүшесі – Статистика бөлімінің менгерушісі Акрамова В.И.;

Топтың мүшесі – заңгер/комплаенс қызметі Қарабатыров Ш.М.;

Топтың мүшесі – Кәсіпорнының экономикалық-жоспарлау бөлім бастығы Озбеков Т.О.

3. Ішкі талдау жүргізу мерзімі:

2024 жылдың 17 мамыр – 28 маусым аралығы.

4. Ішкі талдау қамтыған кезең:

2023 жылдың шілде айынан бастап 2024 жылдың 5 айы.

5. Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болмады.

Ішкі талдау келесідей бағыттар бойынша жүргізілді.

1) Кәсіпорнының бөлім/бөлімшелердің қызметін реттейтін заңнамалардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2) Персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелер бойынша талдау объектісі қызметіндегі сыбайлас қауіптерін анықтау.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобы бөлімнің өз қызметінде басшылыққа алатын Заңдар, Кодекстер, нормативтік-құқықтық актілер, басқа да құқықтық актілерді қарастырады.

Қазіргі таңда Кәсіпорнында барлығы штат бойынша 990 қызметкер жұмыс жасайды.

2023 жылдың шілде айынан бастап 6 ай бойынша еңбек шарты бұзылғандар саны - 79 болса, оның ішінде – 12 дәрігер, орта медициналық қызметкерлер саны – 32, кіші қызметкерлер саны – 26, тағыда басқа қызметкерлер -9.

Еңбек шарты түзілгендер саны – 48 болса, оның ішінде – 7 дәрігер, орта медициналық қызметкерлер саны – 14, кіші қызметкерлер саны – 21, тағыда басқа қызметкерлер -6.

2024 жылдың 5 айында еңбек шарты бұзылғандар саны – 65, оның ішінде дәрігер –12, орта медициналық қызметкерлер – 25, кіші қызметкерлер – 15, тағыда басқа қызметкерлер -13.

Еңбек шарты түзілгендер саны – 49 болса, оның ішінде – 6 дәрігер, орта медициналық қызметкерлер саны – 6, кіші қызметкерлер саны – 27, тағыда басқа қызметкерлер -10.

Азаматтарды жұмысқа қабылдау Облыстық балалар ауруханасы басшысының 04.01.2024 жылғы №42-н/к бұйрығы негізінде құрылған комиссия мүшелерімен «jumys.snation.kz» электрондық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Комиссия мүшелері саны жеті адамнан тұрады. Жұмысқа орналасуға үміткер өз біліктілігін жоғарыда аталған электрондық жүйеде тестілеуден өту арқылы көрсетеді. Комиссия мүшелері тиісті хаттамаға цифрлық қолтаңба арқылы қол қойып бекітеді.

Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары:

Кәсіпорында шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулының талаптары сақталған.

Кәсіпорын басшысымен 2023 жылы – негізгі құраммен 263, жеке құраммен 1012 бұйрық, 2024 жылдың 5 айы - негізгі құраммен 144, жеке құраммен 452 бұйрық шығарылған. Барлық бұйрықтар Кәсіпорнының заңгерімен тексеріліп, келісіледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңының 38-бабын негізге алып оқу семинарларды «Баға ұсыныстарын сұрату» тәсілімен жүргізілген.

2023 жылы шілде айынан бастап 6 ай- Конференциялар/семинарлар/форумдар/конкурстар / корпоративтік / спорттық / мәдени / мерекелік және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу жөніндегі қызметтер – 9 оқу семинар өткізілді.

2024 жылы 5 ай бойынша -
Конференциялар/семинарлар/форумдар/конкурстар / корпоративтік / спорттық / мәдени / мерекелік және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу жөніндегі қызметтер – 5 оқу семинар өткізілді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет генерал-майоры Д.Малаховтың 17.08.2023 жылғы №3-3-2/7159-И шығыс хатына сәйкес басшы орынбасарлары мен бөлім басшыларының функцияналдық міндеттерін сәйкестендіру мақсатында кәсіпорын басшы орынбасарлары лауазымдық міндеттеріне ұйымдастырушылық-өкімдік функциялары енгізілді, аруашылық менгерушісінің лауазымдық міндеттерінде әкімшілік-шаруашылық функциялары бар.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша айқындалатын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесі.

№	Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне ұшыраған лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамтитын ресми өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері
1	Басшы, басшының орынбасарлары	1. Бақылау және қадағалау белгілерін қамтитын функцияларды жүзеге асыру (қызметтік тергеулер, тексерулер және т.б.). 2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғау және қарау (оның ішінде тәртіптік жазалар). 3. Еңбек жағдайын жасау, жоғарылату	1. Бұзушылықтарды жасыру мүмкіндігі. 2. Хаттамада қателер жіберу немесе өндірісті тоқтату арқылы жауапкершіліктен «алып тастау» мүмкіндігі 3. «Ыңғайлы» немесе «ыңғайсыз» жағдайлар жасау мүмкіндігі, жеңілдіктерді таңдаулы қамтамасыз ету (материалдық ынталандыру, демалыстар және т.б.), тәртіптік жазаларды негізсіз қолдану, меритократия қағидатын сақтамау (басшылық лауазымдарды әлеуметтік шығу тегі мен қаржылық байлығына қарамастан неғұрлым қабілетті қызметкерлер)
2	Медицина бөлімшелерінің меңгерушіле	1. Шешім қабылдау еркіндігі	1. Азаматтармен (пациенттермен) байланыста шешім қабылдау еркіндігі

	рі, бөлім меңгерушілері		
3	Бас есепші, экономикалық бөлімінің бастығы	1. Бюджетті жоспарлау	1. Бюджеттік өтінімге бөлінген қаражаттың ұлғаюына әсер ететін ақпаратты енгізу мүмкіндігі
4	Мемлекеттік сатып алу есепшісі	1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу	1. Ерікті жоспарлау, бәсекелестікті шектеу мүмкіндігі («техникалық шарттарды және біліктілік талаптарын түзету», сатып алудың конкурстан тыс әдісі, формальды негіздер бойынша өтінімдерді қабылдамау, ұпайларды дұрыс есептемеу, сатып алуды жою, баға демпингін тапсырыс беруші және жеткізушінің сөз байласуы), шарттарды орындау кезінде сәйкестікті бақылаудың болмауы, жалған актілер бойынша сәйкес келмейтін ТЖҚ қабылдау және оларды төлеу
5	Кадр бөлімі (басшы, персонал)	1. Жұмысқа қабылдау рәсімдерін ұйымдастыру, үміткерлерге қойылатын талаптарды және конкурстық сұрақтарды дайындау 2. Өтініш берушілерді бағалау және жұмысқа қабылдау	1. Бәсекелестік талаптарды «баптау» және белгілі бір үміткерлерге конкурстық сұрақтар беру мүмкіндігі 2. Белгілі бір өтініш берушілерге артықшылық беру мүмкіндігі
6.	АШБ бастығы, материалдық есепші	1. Шаруашылық құндылықтарды, құрылыс материалдарын, отын талондарын, шығын материалдарын және т.б. бақылау және есепке алу.	1. Шаруашылық игіліктерін мақсаты бойынша емес бөлу мүмкіндігі, есептен шығарылған материалдық құндылықтардың көлемін асыра бағалау мүмкіндігі.
7.	Бас медбике	1. Қол астындағылармен жұмыс кезінде шешім қабылдау еркіндігі	1. Негұрлым жұмсақ еңбек жағдайларын, кестелерді және т.б. жасау арқылы сол немесе басқа қызметкерге артықшылық

		беру мүмкіндігі, жіберілген бұзушылықтарды жасыру мүмкіндігі (оны басшылықтың назарына бермеу).
--	--	---

Кәсіпорнында тегін дәрілермен қамтамасыз ету және сақтау – Кәсіпорнында наукастар тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілермен қамтамасыз етіледі. Жұмыс тобымен аталған дәрілердің сақталуы және таратуы тексерілген. Тексерудың нәтижесінде, Кәсіпорнындағы тегін дәрілер «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-19 бұйрығына сәйкес сақталады. Кәсіпорнының бөлімшелерге тарату кезінде дәрілерге «Тегін» таңбасы басылуда, сұратылған талапқа сәйкес беріледі.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық көріністерінің тәуекелдерін болдырмау мақсатында, Кәсіпорнының дәріхана қоймасына қабылдау, бөлімшелерге тарату және әрі қарай дәрілік заттарды наукастарға беруі процессі ІС бағдарламасымен біріктіріліп, автоматтандырылған.

Мемлекеттік сатып алу бойынша

Кәсіпорнының мемлекеттік сатып алу барысы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында Кәсіпорны бойынша толықтай компьютерлік техникамен қамтылған.

Кәсіпорнынға қарасты медициналық амбулаториялармен, бекеттерде интернетке кіру мүмкіндіктері **100%** құрайды.

Кәсіпорын бойынша 2 медициналық ақпараттық жүйесі (*ДАМУМЕД, КӨМЕК*) жұмыс жасауда.

Дәрігерлер және орта буынды дәрігерлер медициналық ақпараттық жүйесімен жұмыс істеуге **100%** оқытылған.

Сонымен бірге, Кәсіпорнындағы наукастардың ауру тарихтары толыққанды МАЖ-мен жүргізілуде.

Кәсіпорында «Даму» ақпараттық технологиялар орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі базасында қашықтықтан қызмет көрсету PACS жүйесіне қосылу, цифрлық медициналық ақпаратты, бейнелерді өңдеу, сақтау және беру мақсатында PACS жүйесін енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Қорытынды:

Кәсіпорны сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша ұсынады:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасы бойынша құқықтық жаппай оқытуды жалғастыру;

2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша есептілікті цифрландыруға көшіруге жұмыстар жүргізу;

Жұмыс тобының мүшелері:

Сарыбай С.М. _____

Байтөре Ғ.П. _____

Акрамова В.И. _____

Қарабатыров Ш.М. _____

Озбеков Т.О. _____